

**"Қазақстан Республикасының Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарын және Астана қаласын тұрақты дамыту үшін қоршаған ортаны жақсарту" шатырлық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 наурыздағы N 264 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N 29 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.18. N 29 ( алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қоршаған ортаның кезек күттірмес проблемаларын шешу және Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары мен Астана қаласын Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі ұсынған, қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарын және Астана қаласын тұрақты дамыту үшін қоршаған ортаны жақсарту" шатырлық жобасының тұжырымдамасы мақұлданын.

2. "Қазақстан Республикасының Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарын және Астана қаласын тұрақты дамыту үшін қоршаған ортаны жақсарту" шатырлық жобасын әзірлеу және басқару жөніндегі ведомствоаралық кеңес құрылсын (бұдан әрі - Ведомствоаралық кеңес).

3. Қоса беріліп отырған:

1) Ведомствоаралық кеңестің құрамы;

2) Ведомствоаралық Кеңес туралы ереже бекітілсін.

4. "Қазақстан Республикасының Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарын және Астана қаласын тұрақты дамыту үшін қоршаған ортаны жақсарту" шатырлық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктелсін.

**Ескерту: 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 675 қаулысымен .**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолдануға енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

1999

жылғы

18

наурыздағы

N

264

қаулысымен

мақұлданған

**"Қазақстан Республикасының Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарын және Астана қаласын тұрақты дамыту үшін қоршаған ортаны жақсарту" шатырлық жобасының тұжырымдамасы**

**1. Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарындағы және Астана қаласындағы қазіргі уақыттағы экологиялық проблемалар**

**Е р т і с            ө з е н і**

Ертіс өзені - Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл Еуразия аймағы үшін де тіршіліктің аса маңызды күре тамыры. Өзен Қытайдан бастау алады да, Қазақстан Республикасының аумағымен ағады, Ресей Федерациясының Обь өзеніне, одан соң Солтүстік Мұзды мұхитқа құяды. Өзенді ұтымды пайдаланбау және оның өте қатты ластануы аймақтың және қоршаған ортаның дамуына айтарлықтай проблемалар туғызады және Қазақстанның осы аймағында тұрып жатқан халықтың көпшілігінің айтарлықтай алаңдаушылығының себебі болып табылады.

Қазақстан шегінде Ертіс өзені Шығыс Қазақстан облысын Павлодар облысымен және Ертіс - Қарағанды каналы арқылы Қарағанды облысымен, содан кейін мемлекетіміздің астанасы - Астана қаласымен жалғастырады. 4 миллион адамды сумен жабдықтау осы су көзіне тікелей байланысты, сондай-ақ ол бұл аймақтағы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қызметі үшін де маңызды негіз болып табылады. Бірақ өткен саяси және экономикалық жүйелерден мұра болып қалған экологиялық проблема ошақтары тіршіліктің осы күре тамырына қауіп төндіріп отыр.

**Ш ы ғы с            Қ а з а қ с т а н            о б л ы с ы**

1. Өскемен маңайы Қазақстанның кен өндіруші және кен-байыту өнеркәсібінің орталығы болып табылады, олар өзінің артына қалалық ауыз су көздерін ластайтын, құрамында ауыр металл және улы заттар бар, қисапсыз көп

мөлшердегі қалдықтар қоймасын қалдырып отыр. Бұған қоса қаладағы, және оның төңірегіндегі ауа мен топырақ жұмыс істеп тұрған Қорғасын-мырыш комбинатынан шыққан қорғасын қалдықтарымен ластануда, екінші жағынан, оның аймақ экономикасы үшін үлкен маңызы бар.

2. Қазақстан Республикасындағы барлық орман ресурстарының 50 проценті Шығыс қазақстан облысында шоғырланған. Жыл сайын болатын күшті орман өрті орман ресурстарына елеулі қауіп-қатер төндіріп отыр, сондықтан ормандарды өрттен қорғаудың, орман ресурстарын қалпына келтірудің тиісті жүйесі қажет.

3. Семей 1989 жылға дейін 470 ядролық сынақ жүргізілген ядролық сынақ полигонымен кеңінен танымал, сынақтардан кейін бірқатар ашық мәселелер қалып отыр. Ядролық полигонға қызмет көрсететін әскери-әуе базасында керосиннің төгілуі Ертіс өзеніне және оның ағысының төменгі жағалауындағы тұратын, өзенді сумен жабдықтау көзі ретінде пайдаланылатын халыққа қауіп төндіріп отыр.

Павлодар, Қарағанды облыстары және Астана қаласы

1. Павлодар Қазақстанның өнеркәсіп орталығы болып табылады, мұның өзі қоршаған ортаға жан-жақты әсер етеді. Ұлттық электр энергиясын өндірудің 60 проценттен астамы Павлодар облысында шоғырланған. Электр энергиясын өндіру кезінде ауаға тозаң шығару мен буланған газдар бөлудің негізі болып табылатын көмір ресурстары көп мөлшерде пайдаланылады. Бұған қоса "Химпром" акционерлік қоғамының бұрын хлор мен каустикалық сорда өндіруі топырақты және ыза суларды едәуір мөлшерде сынаппен лақтауға әкеп соқты, ол Ертіс өзеніне қауіп төндірді. Қоршаған орта жағдайының одан әрі нашарлануына жол бермеу үшін күл үйінділерін және басқа да өнеркәсіп қалдықтарын басқарудың жан-жақты жүйесін әзірлеу қажет.

2. Павлодардан (Ақсу) Қарағандыға дейінгі ұзындығы 460 шақырымдық үлкен ашық канал Ертіс өзенінің суын шамамен 400 метр биіктікке көтерді. Ол аймақта өндірілетін электр энергиясының едәуір бөлігін тұтынады. Тұтастай алғанда, Қарағанды қаласы және облыстың 50 проценті осы су көзінен жабдықталады.

3. Қазақстанның астанасы - Астана қаласын сумен жабдықтау су көзі ретінде бұрын Есіл өзеніне және Нұра-Есіл каналы арқылы Нұра өзеніне негізделген болатын, бірақ кейін Нұра өзенінің Теміртау қаласынан төменгі ағысының сынаппен ластануына байланысты мұндай сумен жабдықтау тоқтатылды. Астана қаласын сумен жабдықтауды қамтамасыз етудің қолайлы шешімін табу үшін қысқа мерзімді жоспарлар әзірлеу қажет.

4. Қарағанды қаласындағы көмір шахталары жинақталған метанның

дарылуынан аса қауіпті болып табылады және басқа да газдардың шығарылуымен ғаламдық жылынуға өз үлесін қосады.

## **2. Жобаның қысқаша сипаттамасы**

Шатырлық жоба ТД ҚОҚҰІЖ (Тұрақты даму үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары) процесінің шегінде аймақтық және ұлттық жергілікті деңгейдегі сектораралық маңызы бар интеграцияланған және өзара байланысты проблемаларды шешу мен қамтудағы қадам ретінде жасалып отыр.

Ж о б а ғ а м ы н а л а р к і р е д і :

1-негізгі құралас. Ертіс өзені бассейнінің қоршаған ортасын басқару аймақтың негізгі экологиялық проблемаларын шешуге бағытталған.

Қ ұ р а л а с т а р :

Ертіс өзені бассейнінің қоршаған ортасын зерделеу;

Ертіс өзені суының шекарааралық ластануы;

ыза сулардың Өскемен қаласындағы тау-кен жыныстары үйінділерімен және өнеркәсіп қалдықтарымен ластануы;

Семей маңындағы әскери-әуе базасындағы керосин төгінділері;

"Химпром" акционерлік қоғамының (Павлодар қаласы) топырақты және ыза суды сынаппен ластауы;

Өскемен, Павлодар және Қарағанды қалаларындағы өнеркәсіп қалдықтарын барынша азайту.

2-негізгі құралас. Энергиялық тиімділік және ауаның ластануы өнеркәсіп және жылу электр станцияларының салдарынан болып жатқан ауаның ластануын ең аз нормаларға жеткізу және буланған газдарды жою мақсатында проблемаларын шешуге және энергетика секторындағы тиімділіктің мүмкіндігінше артуына бағытталған.

Қ ұ р а л а с т а р :

энергиялық тиімділік және энергиямен жабдықтаудың оңтайлы зерделенуі;

Өскемен қаласындағы қорғасын қалдықтарын төгуді азайту;

Қарағанды көмір шахталарының метанын пайдалану.

3-негізгі құралас. Аймақтағы су және орман ресурстарын қорғау мен оларды қалпына келтіру, ластану аспектілерін қоса алғанда, тұрмыстық, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп мұқтаждары үшін сумен жабдықтаудың сапасын жақсартуға, сондай-ақ ормандарды сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған.

Қ ұ р а л а с т а р :

Есіл өзені бассейнінің ластануын зерделеу;  
Нұра өзені түп шөгінділерінің сынаппен ластануы;  
ормандарды өрттен қорғау жүйесі, орман ресурстарын қалпына келтіру.

### 3. Іс-қимыл

Жобаны әзірлеу, басқару және іске асыру үшін мынадай іс-қимылды жүзеге асыру жоспарланып отыр:

орталық және жергілікті мүдделі органдар мен ведомстволар өкілдерінің арасынан жобаны әзірлеу және басқару жөніндегі ведомствоаралық кеңес құру;

аралық қорытындылар шығару мақсатында және жобаны әзірлеу және жүзеге асыру барысына қажетті өзгерістер енгізу керек болған жағдайда Қазақстанда ұдайы үйлестіру мәжілістерін өткізуді жалғастыру;

жобаның құраластарына техникалық тапсырмалар әзірлеу;  
тиісті облыстарда және Астана қаласында Ведомствоаралық кеңестің жұмыс органдарын құру;

жобаны жүзеге асыруға қажетті өзге де іс-қимыл.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

1999

жылғы

18

наурыздағы

№

264

қаулысымен

бекітілген

**"Қазақстан Республикасының Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарын және Астана қаласын тұрақты дамыту үшін қоршаған ортаны жақсарту" шатырлық жобасын дайындау және басқару жөніндегі ведомствоаралық кеңестің құрамы**

**ЕСКЕРТУ.** Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. № 1495 қаулысымен .

Дәукеев Серікбек Жүсіпбекұлы - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі, төраға

Керімқұлов Уақыт Арынұлы - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің

Қоршаған ортаны қорғау комитетінің төрағасы,  
орынбасар

- Есекин Болат Қамалбекұлы - Тұрақты дамыту ұлттық экологиялық орталығының директоры, орынбасар
- Раханов Мақсұтбек Смағұлұлы - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Департамент директоры
- Солодченко Роман Владимирович - Қазақстан Республикасы Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігінің төрағасы
- Сәрсенбаева Гүлшәкира Байғонысқызы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің сектор жетекшісі
- Мальковский Виктор Алексеевич - Ертіс бассейндік су бірлестігінің бастығы
- Үстеміров Қайрат Жанғабылұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман, балық және аң шаруашылығы комитетінің басқарма бастығының орынбасары
- Мейрамов Есенгелді Әкімұлы - Ақмола облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының бастығы
- Адамов Ришат Жомартұлы - Шығыс Қазақстан облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының бастығы
- Қожахметов Балташ Тілепбекұлы - Қарағанды облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының бастығы
- Хлыстун Николай Михайлович - Павлодар облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының бастығы
- Болтанов Оразғали Төлеуұлы - Астана қалалық қоршаған ортаны қорғау басқармасының бастығы
- Шешуков Владимир Анатольевич - Шығыс Қазақстан орман, балық және аң шаруашылығы басқармасы

бастығының бірінші орынбасары,

бас орманшысы

Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы - Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі Сырттан  
қарыз алу жөніндегі  
комитетінің бөлім бастығы

Оспанов Хайролла - Қазақстан Республикасының  
Алтынбекұлы Энергетика, индустрия және  
сауда министрлігі Өнеркәсіп  
департаментінің директоры

Сәрсембеков Төлеген - Қазақстан Республикасының Ауыл  
Тәжібайұлы шаруашылығы министрлігі Су ресурстары  
жөніндегі комитетінің төрағасы,  
төрағаның орынбасары

Сембаев Ерболат - Қазақстан Республикасының Сыртқы  
Нәсенұлы істер министрлігі халықаралық  
ұйымдар басқармасының кеңесшісі

Данбаев Бақытнасыр - Қазақстан Республикасы Ауыл  
Зекенұлы шаруашылығы министрлігінің Су  
ресурстары жөніндегі комитеті  
Нұра-Сарысу бассейндік су  
шаруашылығы басқармасының бастығы

Әшенов Ғазиз Әбуұлы - Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігінің Су  
ресурстары жөніндегі комитеті Есіл  
бассейндік су шаруашылығы  
басқармасының бастығы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9

ж ы л ғ ы

1 8

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 6 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**"Қазақстан Республикасының Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар  
Қарағанды облыстарын және Астана қаласын тұрақты дамыту үшін  
қоршаған ортаны жақсарту" шатырлық жобасын дайындау және  
басқару жөніндегі ведомствоаралық кеңес туралы  
Ереже**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі "Қазақстан Республикасының Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарын және Астана қаласын тұрақты дамыту үшін қоршаған ортаны жақсарту" шатырлық жобасын дайындау және басқару жөніндегі ведомствоаралық кеңесті (бұдан әрі - Ведомствоаралық кеңес) Үкімет мақұлдаған Шатырлық жоба тұжырымдамасының негізінде "Қазақстан Республикасының Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарын және Астана қаласын тұрақты дамыту үшін қоршаған ортаны жақсарту" шатырлық жобасын (бұдан әрі - Шатырлық жоба) дайындау және басқару үшін құрды.

2. Ведомствоаралық кеңес орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволардың, басқа мүдделі ұйымдардың өкілдерінен құрылады. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі Кеңестің төрағасы болып табылады.

3. Ведомствоаралық кеңестің отырыстары кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі. Кеңестің шешімдері отырысқа қатысушы Ведомствоаралық кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

4. Ведомствоаралық кеңестің жұмыс органдары болады.

## **2. Ведомствоаралық кеңестің функциялары**

5. Шатырлық жобаны дайындау және басқару мақсатында Ведомствоаралық кеңес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) шатырлық жобаны дайындау және басқару жөніндегі бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын қарау және бекіту;

2) Шатырлық жобаны дайындау және басқару процесінде барлық мүдделі тараптардың іс-қимылының үйлестірілуін қамтамасыз ету;

3) Шатырлық жобаны дайындау және басқару процесінде орындалған жұмыстар туралы есептерді қарау.

## **3. Ведомствоаралық кеңестің құзыреті**

6. Ведомствоаралық кеңестің мынадай құқықтары бар:

1) Шатырлық жобаны дайындау және басқару жөніндегі жұмыс жоспарларын бекіту және түзету туралы шешім қабылдау;

2) Шатырлық жобаны дайындау және басқару мәселелері жөнінде Ведомствоаралық кеңестің барлық мүшелерінің орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдау;



3) Ведомствоаралық кеңестің құрамына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізу.

#### **4. Ведомствоаралық кеңестің жұмыс органдары**

7. Ведомствоаралық кеңестің жұмыс органдары Қазақстан Республикасының Тұрақты дамыту ұлттық экологиялық орталығы, сондай-ақ тиісті облыстар мен Астана қаласында Ведомствоаралық кеңестің ұсынымы бойынша құрылатын Шатырлық жобаны дайындау топтары болып табылады.

8. Жұмыс органдары қызметінің бағыты мен тәртібін Ведомствоаралық кеңес белгілейді.